

ҰҚ	Қазақ тілі 16, 18.01.2024
<i>Mindem!</i>	Міндеті: Балаларды киім атауларымен таныстыру. Киімдерді дұрыс киінуге, пайдалану барысында дұрыс жинап қоюға дағдылау. Күнделікті тұрмыста жиі пайдаланылатын киім атауларын үйрету. Сөздік қорларын арттыра отырып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдылау. Суреттердегі киімдерді бояу ойынын ойната отырып, киімдегі түстерді дұрыс айтқызуга тәрбиелеу. Сөздер: Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше.
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, қуыршақтың киімдері, киім материалдар, үлестірімелі материалдар
Мотивациялық-қозғаушылық	Бала, бала, баламыз, Бақшамамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Бағамыз да қаламыз.
Ұйымдастыру-шылық-іденушілік	Балалармен киім атаулары туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен киім атаулары туралы әңгімелесеміз. Жаңа сөздермен таныстыру: сандықтан қуыршақтың киімдерін мұғалім біртіндеп ала отырып, олардың атын атайды. — Мынау – көйлек. Мынау не? — Мынау – көйлек. — Мынау – шалбар. Мынау не? — Мынау – шалбар. Сөздерді жеке-жеке және хормен қайталайды. Дыбыстық жаттығу І-І-І – КИ-ИМ – КИИМ. Ө-Ө-Ө – КӨЙ-ЛЕК – КӨЙЛЕК. ЖЕЙ-ДЕ – ЖЕЙДЕ. ШАЛ-БАР – ШАЛБАР. Педагог балалардан үстіндегі киген киімінің атын сұрайды. — Мынау қандай киім? — Көйлек. Сен не киесің? Мен көйлек киемін. Сенің үстіндегі қандай киім? Жейде, шалбар.. — Сен не киесің? — Мен жейде, шалбар киемін. — Қуыршақ Сәуленің үстінде қандай киім? — Көйлек. Сәуле не киеді? Сәуле көйлек киеді. Ұл не киеді? Ұл жейде, шалбар киеді. — Қыз не киеді? — Қыз көйлек киеді. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрамыз, Аяқты ық басамыз. Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып аламыз. Үлестірімелі материалдармен жұмыс. Суреттегі киімдерді ата. Әрқайсысының киімдерін тап. Сызықпен қос. Суреттегі киімдерді боя. Педагог талсырманы түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қитты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытындылайды.

Тексерілді : 16.01.2024 ж

Әдіскер:  А.Ж.Жумашева